



Әдістемелік ұсыныстар мен
нұсқаулардың; әдістемелік
ұсыныстардың; әдістемелік
нұсқаулардың титул парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.4/20

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қазақ филологиясы кафедрасы

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәнінен 6М011700
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының магистранттарына арналған пәнді оқыту бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Павлодар



әдістемелік ұсыныстар мен
арды; әдістемелік ұсыныстарды;
елік нұсқауларды бекіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18./20

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор
_____ Пфейфер Н.Э.

20__ж. «__» _____

Құрастырушы: _____ ф.ғ.к, доцент Баратова М

Қазақ филологиясы кафедрасы

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәні _____
мен әдебиеті» мамандығының магистранттарына арналған пәнді оқыту
бойынша

әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулықтар

Кафедраның отырысында ұсынылды
20__ж. «__» _____ №__ Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Н.Қ. Жүсіпов 20__ж. «__» _____

ОӘК мақұлданды _____
«__» _____ 20 ж. №__ хаттама.

ОӘК төрайымы _____ С.К. Кісембаева 20__ж. «__» _____

МАҚҰЛДАНДЫ:

ОӘБ бастығы _____ Н.Е. Жұманқұлова 20__ж. «__» _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
20__ж. «__» _____ №__ Хаттама

Курс бойынша қамтылатын тақырыптар

1-тақырып. Қазіргі әдебиеттану ғылымы және оның даму бағыттары

Қазақ әдебиеттану ғылымы алдында тұрған келелі міндеттер. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің қазіргі жай-күйі. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердиев, т.б. ғалым-қаламгерлердің қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына, сынына қатысты ой-пікірлері мен тұжырымдары және оған қазіргі көзқарас. Әдебиеттанудағы халықтық, ұлттық мәселелер. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттің таптығы, партиялылығы деген пікірлердің саяси-идеялогиялық астары, социалистік реализм әдісі және оны бүгінгі күн тұрғысынан бағалау.

Төңкеріске дейінгі әдеби сын. Жеке әдеби тұлғалар мен әдеби процесс туралы ой-пікірлер. Қазіргі әдеби сынның даму бағыттары.

2-тақырып. Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары

Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Технократтық индустрия негізінде жоғары дамыған елдердің мәдениеті мен өнеріндегі, әдебиетіндегі интеграциялық процестердің көрінісі және оған қарсы интеллектуалдық ағымдар күресі. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, беті мен бағыты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі әдеби әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі.

Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

3-тақырып. Әдебиет тарихы алдындағы жаңа міндеттер

Ағартушылық бағыттағы әдеби-эстетикалық ой-пікірлердің ұлт-азаттық идеяларға ұласуы. Ш.Уәлихановтың қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу еңбектері. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедовтердің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге қосқан үлестері. М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиевтердің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі концепциялары. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу және Б.Кенжебаевтың ғылыми ұстанымдары. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуге байланысты бүгінгі көзқарастар.

Коммунистік идеологияны ұстанған қазақ ақын-жазышуларына бүгінгі көзқарас. Замана шындығының реалистік суреттелуі және қаламгер позициясы. Көркем шығармашылыққа қойылатын негізгі талаптар және саясат пен поэтика мәселелері.

4-тақырып. Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері туралы қазіргі ой-пікірлер

Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби сын. Алғашқы баспасөздегі әдеби сынға қатысты кейбір пайымдаулар. 20-30-шы жылдардағы әдеби сын. Ондағы негізгі бағыттар мен көркем шығармашылықтан талап ететін басты критерилер. Ел өміріндегі қоғамдық-саяси өзгерістердің әдеби сынға әсері. Әдебиеттің қондырма ретіндегі қызметі және оны коммунистердің идеологиялық құрал ретінде пайдалануы. Үкімет қаулы-қарарлары мен түрлі әдеби одақтар мен ұйымдардың пайда болу, құрылу себептері. Кеңес дәуіріндегі әдеби сынның қазақ әдебиетінің дамуындағы ролі. Әдеби сынның ұлттық мұраларымызды зерттеу мен дамытуды тежеудегі қызметі. Қазақ әдеби сынының өркендеу кезеңдері және көркемдік ізденістерді жан-жақты талдаудағы орны. Кәсіби сыншылықтың жетілуі және әдеби процесс. Қазіргі әдеби сындағы әр түрлі ұстанымдар.

5-тақырып. Қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттары

Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Қазақ поэзиясының өткені, кешегісі, бүгінгі және ертеңі туралы толғаныстар. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух мәселесі. Махамбет поэзиясы және бүгінгі ақындық өнердегі оның ерлік рухын қайталаушылықтың себеп-салдары. Абай ойшылдығын қазіргі поэзияға әсер-ықпалы. М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев шығармашылықтарындағы ортақ қасиеттер мен ұқсастықтар. Қазіргі поэзиядағы отаншылдық рух мәселесі. Лирика мен поэманың арақатынасы. Лирикадағы ұлттық мінез бен көркемдік мәселесі. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі. Жаңа мазмұн мен ескі форманың арасындағы үйлесімсіздік. Ырғақ мәселесіне байланысты соңғы ғылыми тұжырымдар.

6-тақырып. Әдебиет және қоғамдық сана өзгерістері

Заман өзгерістері мен бүгінгі оқырман талап, тілектерін ескеру. Қазіргі қазақ әдебиетінің басты міндеттері. Көркем шығармашылықтағы ізденіс проблемасы. Соны тақырыптар сонарында, замана тудырған идеялар өрісінде. Көркем

шығармашылықтағы интеллектуалдылық сипат. Дүние танымдағы плюралистік бағыттардың көркем әдебиетке әсері. Қоғамдық сана ағымдары және тәуелсіздік рух. Қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт, ағымдар.

Көркем шығарма, әдеби туынды мәтінінің мазмұндық-пішіндік бірлігі туралы жаңа әдебиеттер. Әдеби шығарманың идеялық мазмұны, оның көркемдік компоненттерінің қызметі. Шығарманы туғызған тарихи кезең және автор дүние танымы. Әдеби шығарманың ішкі әлемі туралы түсінік, кейіпкер - қаһарманның психологиялық қалпын бейнелеудің жаңа қырлары. Психологиялық орта және автор қиялы. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесі. Хронотоп туралы жалпы түсінік. Эпикалық шығармалардағы хронотоп үлгілері.

7-тақырып. Әдебиет және беллетристика

Беллетристика туралы түсінік, түрлі пікірлер, оның даму сатылары, әдеби дамуға ықпалы, орны, ерекшеліктері, көркемдік-идеялық қыры, мағыналық-структуралық элементтері. Беллетристиканың, бүгінгі ғылыми деректі материалдар мәнінің көркем шығармашылыққа тигізіп отырған әсері. Детектив және ғылыми фантастика. Көркем әдебиет пен беллетристиканы түйістіретін жанрлар. Беллетристика және бестселлер. Қоғамдық сұранысқа ие бейкөркем шығармалар мен көркем әдебиет. Әдеби индустрия туралы түсінік. Қазіргі қазақ әдебиеті және модернизм. Әдеби шығарманы модельдеу тәжірибелері.

8-тақырып. Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері

Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелерінің жемісі. Рецептивті-эстетика теориясы. Әдебиеттегі герменевтика және эстетика тәжірибесі. Әдебиеттанудағы формалистік концепциялар. Объективті-аналитикалық талдау және субъективті қабылдау қатынастары. Шығармашылық процесс және қабылдау. Катарсис термині туралы түсінік. Аристотель, Пифагор, Платон, Аквинский, Кант еңбектеріндегі катарсис туралы ой-тұжырымдар. Көркем шығарма жазу мен қабылдауындағы сезім мен қиял қызметі. Автордың ойлау, ой қорыту процессіндегі диалектикалық шешім. Катарсис мақсаты - эстетикалық әсер. Шығарманың сезімталдық аясы оқырман қабылдауында туғызатын тілектестік сезімдердің табиғаты және оны пайдалану. Сезімталдық жұмбақтарын жанды бейнеге көшіру мәселелері.

9-тақырып. Әдеби шығармашылық психологиясы

Шығармашылыққа қоғамдық сана жай-күйі, сұранысы мен қаламгер физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік,

дүниетанымдық ерекшеліктерінің ықпалы. Шығармашылық психологиясындағы субъективті және объективті факторлардың ролі. Эстетикалық әсердің автор ақылы мен еркінен тыс тұратын жұмбақ сырларының шығарма мазмұны мен идеясына әсері. Оның табиғатын зерттейтін әдіс-тәсілдердің қазіргі жай-күйі және болашағы.

Шығармашылық процестің таңғажайып сәттері, оның шығарма поэтикасына әсері, көрінісі. Оны тәжірибе және деректі материалдар негізінде зерттеудің мүмкіндігі.

Психоанализ және шығармашылық. Көркем шығарма талдаудың психологиялық әдіс-тәсілдері, басты бағыттары. Әдебиет психологиясы мен оны зерттеу жүйесін, әдіс-тәсілдерін қалыптастыру. Психологиялық талдау және қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы.

10-тақырып. Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері

Дүниетаным мәселелеріндегі әдебиеттің орны. Адамгершілік және гуманизм идеяларының қазіргі әдебиетте бейнеленуі, проблемалары. Осы бағыттағы көрнекті қаламгерлер ізденістері. Ұлттық және адамзаттық белгілердің синтезі. Әлеуметтік мәселелерді салғырт қабылдаудың, бейнелеудің салдары. Мәңгілік майдан, бітіспес дау идеяларының қазіргі әдебиеттегі көріністері. Мазмұн мен пішін аясындағы жаңа ізденістер арнасы. Жаңа жанрлық түрлер дамуының бағыттары.

Әдебиеттану мәселелерін тарихи-диалектикалық методология негізінде зерттеу тәсілдері. Тарихи-генетикалық талдау және оның эволюциялық тегі. Хроникалы талдау және диахронды зерттеу қырлары жүйелі кешенді зерттеулер және синхронды факторлар.

Салыстырмалы-жүйелі зерттеу негіздері. Типологиялық зерттеу объективтік-аналитикалық зерттеу принциптері. Тарихи-қызметтік (историко-функциональная) зерттеу. Телелогиялық методология және оған қажетті әдіс-тәсілдер.

11-тақырып. Көркем әдебиетінің әлеуметтік сипаты

Дәуір және қаламгер. С.Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихын жасаудағы еңбектері. Сәбиттанудағы соны проблемалар. С.Мұқанов романдарындағы тақырып пен идея мәселесі. Объективті идея, образдар шынайылығы және жазушы шеберлігіне қатысты кейбір ойлар.

Поэзиядағы секірмелі кезеңдер туралы. Жеке ақын мен қоғам арасындағы саяси-әлеуметтік байланыс. Ақынның қалыптасу, өсу, жетілу процессіне қоғамдық жағдайдың ықпалы. Көркем шығармашылықтағы жеке тұлғаның ролі. Белгілі бір ұлт

әдебиетіндегі көркем шығармашылықтың үдемелі даму кезеңдерінің болу және қайталану кезеңдері.

12-тақырып. Суреткер таланты туралы ғылыми пайымдаулар

Таланттың қалыптасуына қажетті өмірлік шығармашылық факторлар. Жазушыны өмірді поэтикалық тұрғыдан көре білу ерекшелігі. Ғ.Мүсіреповтың шеберлігі туралы. Қазіргі кезеңдегі Ғабиттану проблемасы. Жазушының өмір құбылыстарын жинақтап бейнелеуі, көркемдік шеберліктің үлкен үлесі екендігі. Прототип пен қиялдау элементтерінің маңызы туралы («Оянған өлке» романы бойынша). Ғ.Мүсіреповтың әдеби сын еңбектері.

Әдіс – бұл суреткер стиліне қатысты объективті және субъективті факторлар. Әдеби әдістің диалектикалық табиғатына барлау жасау. Ә.Нұрпейісов характер жасау ерекшелігі. Ә.Нұрпейісов стиліндегі тұрақты салалар мен өрнектер. Мінез-құлық, көзқарас, дүниетаным әлеміндегі түбірлес қасиеттер.

Қазақ әдебиетіндегі жанр мәселесі. Жанрлық түрлердің пайда болу, даму, өзгеру жолдары. Қазіргі жанрлық түрлердің өзіндік ерекшеліктері. Роман жанры және оның тоқырау себептері. Әдеби жанрлардың әлемдік байланыстары. Жанрдағы ұлттық болмыстың сақталуы.

13-тақырып. Дәстүр және жаңашылдық

Қазақ поэзиясында Абай дәстүрі және ақын салған соны соқпақ. Өлең өріміне қатысты жаңа көзқарастар.

Әуезовтың әсемдік әлемі, талант және шеберлік. Дәстүрге айналған жаңалық және дәстүрлі бұзған жаңалық қатынастары.

Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкеев прозасындағы дәстүр жалғастығы мен жаңашыл шешімдер. Көркемдік ізденістер, интеллектуальдық толғамдар, мифологизм элементтері, т.б.

14-тақырып. Төңкерісшіл ақын-жазушылар туралы бүгінгі көзқарас

Төңкерісшіл ақын-жазушылардың ұстаған саяси бағыттары және оның идеялық негізі. Қазақ әдебиетіне қосқан олардың шығармашылық үлесі. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин шығармаларындағы дәуір шындығы және олардың бейнелеу тәсілдері. Олардың шығармаларының көркемдік деңгейі. Төңкерісшіл ақын-жазушылар туралы қазіргі әр түрлі ой-пікірлер.

15-тақырып. Көркем шығармашылықтағы әдеби сынның ролі. Қазіргі әңгіме жанрының даму ерекшеліктері.

Қазақ әдеби сынының қазіргі жай-күйі. Сынның көркем шығармашылық процеске әсері. 20, 30, 40, 50, 60 жылдардағы әдеби сын және оның даму, өркендеу жолдары. Қазіргі сындағы тоқыраушылықтың сыры мен сипаты. Ұлттық әдеби сынның болуы мүмкін бе және оған ғылыми-деректілік тұрғысынан берілер жауап.

Қазіргі қазақ әңгімесі. Оның жанрлық ерекшеліктері. Әңгімедегі мінез мәселесі. Әңгімедегі тартыс туралы соңғы ғылыми тұжырымдар. Әңгіменің өткені мен ертеңі туралы болжамдар. Қазақ әңгімесінің образдық жүйесі. Әңгімедегі романтикалық сарын.

Қолданылатын әдебиеттер

Негізгі:

1. Негимов С. Әдебиет әлемі. Алматы: Ана тілі, 2008. -256 б.
2. Негимов С. Таным мен пайым. Алматы: Арыс, 2009. -240 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер Алматы, 2003 ж.
4. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-ЖүсіпКөпеев шығармаларының тілінің кейбір мәселелері. Павлодар: 2002 ж. -238б.
5. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001 ж
6. Сәтбаева Ш.К. . Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2010 ж. -567 б.
7. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. Алматы, 2009 ж.
- 8.

Қосымша:

9. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. Алматы, 2001.
10. Жуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. А., 2000.
11. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А., 2001.
12. Савельева В. Художественный текст и художественный мир. А., 1996.
13. Хализев В. Теория литературы. М., 1999.